

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 73 Заңы.

Мәскеуде 1996 жылғы 18 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы Шарт

2003 жылғы 7 мамырда күшіне енді (Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министрлігінің ресми сайты)

Бұдан әрі тиісінше жалға беруші және Жалға алушы немесе Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалдау және Приозерск қаласының тіршілік-тынысын қамтамасыз ету шарттары туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Келісімді (бұдан әрі - Келісім) негізге ала отырып,

Сарышаған сынақ полигонын (бұдан әрі - Полигон) эксперименттік-сынау және әлеуметтік-мәдени әлеуеті мен инфрақұрылымын сақтау, пайдалану және дамытудағы өзара мүдделілікті ескере отырып,

Тараптардың мүдделерін ескеріп, Полигонды жалдау және пайдалану кезіндегі Жалға беруші мен Жалға алушының құқықтары мен міндеттерін шарттық реттеулердің қажеттілігін негізге алып,

төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1-бап

Осы Шарттың мәні Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының жер учаскелерін және жалға алу шартымен Ресей Федерациясына ұсынған жылжымалы және жылжымайтын мүлкін пайдалануға байланысты қарым-қатынастар болып табылады.

Тараптар осы Шартты жүзеге асыру мақсатында оған қол қойылғаннан кейінгі бір ай мерзім ішінде өкілетті органдар құрады.

Осы Шартта Келісімде айқындалған терминдер пайдаланылады.

2-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзі өкілеттендірген органдар атынан осы Шартқа қол қойылған күннен бастап екі айлық мерзімде Ресей Федерациясының Үкіметіне ол өкілеттендірген органдардың атына Полигонды жалға береді.

Жер учаскелерін және жалға беру шарттарымен жылжымалы және жылжымайтын мүлікті беруді келісілген ведомостарға сәйкес, Тараптардың өкілетті органдары жүзеге асырады.

Жалдауға қабылданбайтын объектілер мен мүлікке, Жалға алушы Жалға берушіге олардың пайдалануы мен жөнделуін қамтамасыз ететін көлемде техникалық құжаттама жинақтарының көшірмелерін береді.

3-бап

Полигонды жалдауды Жалға алушы Келісімде, сондай-ақ Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша бекіткен Полигон туралы Ережеде көзделген мақсаттарда жүзеге асырады.

"Полигон" - жер учаскелерін және онда орналасқан мүлікті қамтитын біртұтас кешен.

Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігі үшін ставка, яғни Полигонның жалға берілген жер учаскелерін, оның ішінде оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің аудан (гектар) бірліктерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы 2,33 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.21 N 284 Заңымен.

4-бап

Осы Шарттың 3-бабымен белгіленген Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігіне ставканы негізге ала отырып есептелген Полигонды пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалдау ақысы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 16,276 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды. Бұл ретте жалдау ақысының көрсетілген мөлшері осы Шартқа қол қойылған күні болған немесе Қазақстан Республикасының аумағында осы күннен кейін енгізілген және Полигонды жалдауға қатысты салықтардың, комиссиялардың, алымдардың және өзге де төлемдердің барлық түрін ескереді.

Полигонның жалға берілетін жер учаскелерінің, сондай-ақ оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің құрамы

өзгерген кезде, жалдау ақысы Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігіне белгіленген ставканы ескере отырып, жер учаскелерінің жалға берілетін ауданының өзгеруіне тепе-тең өзгереді.

Полигонды пайдаланғаны үшін жалдау ақысы өзгерген жағдайда осы Шартқа Тараптардың өзара келісуі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Приозерск қаласының инфрақұрылымын ұстауға Ресей Тарапының үлестік қатысу мөлшері Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету туралы жеке хаттамамен айқындалады және Полигонды пайдаланғаны үшін жалдау ақысының құрамына кіреді.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 284 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.02.2016 N 463-V Заңымен.

5-бап

Осы Шарттың 4-бабында белгіленген жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап АҚШ долларымен алынады.

Жалдау төлемдерін аудару жыл сайын әрқайсысы екі тең бөлікпен жылдың екінші және төртінші тоқсанының соңғы айының 5 күніне дейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Тарабының уәкілетті органы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне қаражатты аудару үшін төлем алушыны және қаржы деректемелерін көрсете отырып хабарлама жібереді және көрсетілген қаражатты алғаны туралы оны хабардар етеді.

Төлем алушы және (немесе) оның қаржы деректемелері өзгерген жағдайда Қазақстан Тарабының уәкілетті органы кезекті төлем мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне бұл туралы хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.07.21 N 284 Заңымен.

6-бап

Полигонды 1992-1996 жылдары пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасының мүліктік шығындары мен шығыстары үшін 99,85 млн. АҚШ долларына тең сомдағы өтемақы Тараптар 1997 жылдың ішінде жасалатын жеке келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап

Жалдау төлемі бойынша есеп айырысуларға байланысты барлық операцияларды комиссиялық және өзге де жинауларды өндіріссіз Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Ресей Федерациясының Орталық банкі орындайды.

8-бап

1991 жылғы 31 тамыздағы жағдай бойынша Полигонда тұрған бөлек жылжымалы мүлік Тараптардың өкілетті органдарының арасындағы келісім бойынша Ресей Федерациясынан Жалға берушіге қажетті өнімдерді қарсы жеткізілімдері (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) кезінде оның жалпы құнынан шегеріле отырып, Жалға алушының меншігіне берілуі мүмкін.

9-бап

Жалға алушы мен Жалға беруші осы Шарт күшіне енгеннен кейін екі ай мерзімде 1992 жылдан бастап Полигонның мүмкін болатын экологиялық зардаптарының көлемін, ал олар болған жағдайда бұл зардаптарды Жалға алушы есебінен жоюдың әдістері мен мерзімдерін айқындау үшін Тараптардың өкілетті органдарының өкілдерінен бірлескен комиссия құрады.

Жалға алушы орындаған жұмыс уақытында нысаналар, сынақ аппараттары, ракеталар немесе олардың бөлшектері Полигон аумағынан тыс жерлерге құлаған жағдайда егер аталмыш уақиға Жалға алушының кінәсінен болса соңғысы толық жауапкершілікте болады және Жалға берушіге іс жүзінде келтірілген зиянды өтейді.

10-бап

Жалға беруші:

Келісімдерде көзделген тәртіпте келісілген жоспарлар мен кестелерге сәйкес Жалға алушының Полигонды мақсатты түрде пайдалануын;

Жалға алушыға шарттық негізде электр энергиясын, азық-түлікті, Қазақстан өндірісіндегі басқа да материалдық құралдарды беруді, Қазақстан Республикасында өз Қарулы Күштері үшін қолданылатын бағалар мен тарифтер бойынша Полигон мен оның қызметшілерінің жұмыс істеуіне қажетті көлік, тұрғын үй-коммуналдық, білім беру және өзге де қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

11-бап

Жалға алушы:

Жалға берушіге жалдау мерзімі аяқталған бойда одан әрі пайдалануға жарамды жағдайдағы оның пайдаланылуын қамтамасыз ететін көлемдегі техникалық құжаттамаларымен бірге (РҚҚ объектілерінің мүліктерінен басқа) жалданған мүлікті,

ал мұның мүмкіндігі болмаған жағдайда жалдау мерзімі аяқталған сәттегі мүліктің тозуын есепке ала отырып, оның құндық баламын қайтаруды;

Жалға берушінің Полигон мен оның қызметшілерінің жұмыс істеуіне қажетті электр энергиясы, азық-түлік, Қазақстан өндірісінің басқа да материалдық құралдары үшін, көрсетілген көлік, тұрғын үй-коммуналдық, оқу-ағарту және өзге де қызметтер үшін Қазақстан Республикасындағы өз Қарулы Күштеріне қолданылатын бағалар мен тарифтер бойынша уақтылы есеп айырысулар жүргізуді қамтамасыз етеді.

12-бап

Жалға алушының:

Жалдау мақсаттарына сәйкес Полигонда жүргізілетін жұмыс процесінде алынған ғылыми-техникалық және өзге де нәтижелерге иелік етуге;

жалданылатындардың және тиісінше жалдау ақысы азайтылатындардың ішінен Полигонның жекелеген мүлкі мен жер учаскелерін шығарып тастау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

жалданылған объектілер мен мүлікке бөлекше жақсартулар енгізуге;

Ресей Федерациясының кәсіпорындары мен ұйымдарында жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын және жетілдірулер жүргізу үшін Ресей Федерациясы жалға алған Полигонның жылжымалы мүлкін Келісімнің 18-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағынан уақытша алып кетуге;

жалға алушының жазбаша келісімімен;

жалға алынған объектілер мен мүліктерге зиян келтірместен, бөлектеусіз жақсарту енгізуге;

жалдау мақсаттарына сәйкес жаңа объектілердің құрылысын салуды жүзеге асыруға ;

Полигондағы жұмыстарға, оның ішінде объектілердің құрылысын салуға (қайта жаңғыртуға) үшінші елдердің кәсіпорындары мен ұйымдарын тартуға құқы бар.

13-бап

Жалға алушы егер мынадай шарттар сақталса:

Жалға беруші Полигонның жалдау мерзімі аяқталысымен, өзінің мұндай объектілерді олардың мақсаттық арналымы бойынша Жалға алушының пайдалануына кедергі келтірілмейтініне келіскен жаңа құрылысты жүргізуге ниеті туралы Жалға алушының мәлімдеуімен жазбаша түрде келіссе;

Жалға алушы жаңа объектілердің құрылысы жүргізілетін жер учаскелерін пайдаланғаны үшін келісілген мөлшерлерде жалға алу ақысын енгізу туралы Жалға берушінің алдында міндеттеме қабылдаса;

Жалға беруші мен Жалға алушы сол объектілерді пайдаланатын қызметшілердің құқықтық мәртебесі мәселелерін қоса алғанда, осы Шарттың күшінің мерзімі бітісімен мұндай объектілерді пайдаланудың шарттары туралы келіскен қорытындыға келсе, оның ішінде жалдау уақыты өткен бойда Полигондағы жаңадан құрылған объектілерге меншік құқығын алады.

14-бап

Жалға алушының, егер мынадай шарттар сақталса:

Жалға алушы Жалға берушімен Полигон аумағында жаңа объектілердің құрылысын салуды келіссе;

Жалға беруші келісу кезінде жалға алу мерзімі бітісімен ол жаңадан салынған объектіні одан әрі пайдалануға өз қаражаттарының есебінен қабылдайтындығын көрсетсе;

Жалға алушы Жалға берушіге қалдық құнды айқындау және Жалға берушінің бұл объектілерді одан әрі пайдалануы үшін қажетті, жаңадан салынған объектілерді (РҚҚ объектілерінен басқа) пайдалану жөніндегі басшылықты қоса алғанда, бүкіл жобалау-сметалық және өзге техникалық құжаттаманы берсе, жаңадан салынған объектілердің қалдық құнына өтем алуға құқы бар.

Аталған шарттардың біреуі орындалмаған кезде Жалға алушы Жалға берушіге жаңадан салынған объектілерді ақысыз береді.

15-бап

Жалға берушінің:

жалға алушының Келісім қағидалары мен осы Шарттың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының мүддесі үшін оларды ұйғарылған пайдалануға байланысты жалдау төлемін тиісті түрде азайтуға сәйкес, полигонның жалданған мүлкінің құрамы мен Жалға алушы пайдаланатын жер учаскелерін өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

16-бап

Полигонда Тараптардың үлестік қаржыландыруы есебінен салынған объектілер Тараптардың бірлескен меншік объектілері мәртебесіне ие болады, бұл жағдайда олардың әрқайсысының меншік үлесі олардың бұл объектілерді салған кездегі қаржыландыру үлесімен айқындалады.

Бірлескен меншік объектілерін пайдалану шарттарын, оларды ұстаудағы үлестік жарналар мен олардың жұмыс істеуіндегі басқа да мәселелерді айқындауды Тараптар құрылыс басталғанға дейін келіседі.

Бірлескен меншік объектілерін пайдалану процесінде алынған ғылыми-техникалық нәтижелер Тараптардың бірлескен меншігі болып табылады.

Бірлескен меншік объектілерінің шаруашылық қызметінен түскен пайда, егер бұл объектілердің құрылысы келісілген кезде өзгеше көзделмесе, Тараптардың меншік үлестеріне пара-пар бөлінеді.

17-бап

Тараптар осы Шарт күшіне енгеннен кейінгі үш айлық мерзімде Полигон аумағынан ракета отыны құраластарын және табиғи орта мен адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін басқа да материалдар мен заттарды әкетудің тәртібі мен шарттары туралы Хаттамаға қол қояды. Көрсетілген құраластар, материалдар мен заттар Полигон қызметі үшін қажет болған жағдайда Жалға алушы олардың қауіпсіз сақталуы мен пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

18-бап

Тараптар арасында осы Шартты орындау және түсіндіру кезінде пайда болуы мүмкін даулар келіссөздер жолымен шешілетін болады. Бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындағаны туралы бір Тарап келесісін келіссөздер басталғанға дейін 15 күн бұрын хабардар етеді.

19-бап

Осы Шарт бекітуге жатады және бекіту грамоталары алмасылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт Келісімнің қолданылу кезеңіне жасалады және Келісімде көзделгеніндей онымен бірге ұзартылады.

Осы Шарт оған қол қойылған күннен бастап уақытша толық көлемінде қолданылады.

Осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі.

1996 жылы 18 қазанда Мәскеу қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Приозерск қаласының тіршілік қызметін қамтамасыз ету туралы ХАТТАМА

Бұдан былай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалдау туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) ережелерін жүзеге асыру мақсаттарында, Приозерск қаласының Қазақстан Республикасының облыстық бағыныстағы қаласы статусын ескере отырып және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік сала объектілерінің Приозерск қаласы әкімінің қарауына берілуін назарға ала отырып, Приозерск қаласының тіршілік қызметін қамтамасыз етудің қаржылық мәселелерін реттеу мақсатында төмендегілер жөніндегі осы Хаттамаға қол қойды:

1. Осы Хаттаманың тақырыбы - Приозерск қаласының тіршілік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі үлестік қатыс жағдайларында тараптардың өзара іс-қимылдарының тәртібін айқындау болып табылады.

Тараптардың осы Хаттаманы жүзеге асыру жөніндегі Өкілетті органдары:

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасы Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімі;

Ресей тарабынан - Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

2. Ресей тарабының Приозерск қаласы инфрақұрылымының қазіргі объектілерін ұстауға және қайта жаңартуға үлестік қатысы Ресей Тарабының Өкілетті органы пайдаланатын қала инфрақұрылымы объектілерін, соның ішінде Ресей Тарабы жалға алған объектілерді ұстауы үшін қажетті ассигнование көлемінің мөлшерінде айқындалады.

Тараптардың үлестік қатысы мен пайдаланатын объектілерінің тізбесін айқындауды 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жыл сайын Тараптардың өкілетті органдары бірлесіп жүргізеді.

Ресей Тарабының Өкілетті органы Приозерск қаласының инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін айқындауы және пайдалануы кезінде Ресей Тарабы өкілетті органының қолдағы бар материалдық, техникалық және өзге ресурстары тізбеге сәйкес ескеріледі және пайдаланылады.

Ресей Тарабының Приозерск қаласы инфрақұрылымының жаңа объектілерін жасаудағы үлестік қатысын айқындау үшін Шарттың 16-бабының ережелері қолданылады.

Тараптардың өкілетті органдары Приозерск қаласының тіршілік қызметін қамтамасыз ету мақсаттарында шарттық негізде қала инфрақұрылымы объектілерінің

баланстық тиесілігіне сәйкес өзара қызметтер көрсетеді. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери емдеу мекемелерінде ақысыз медициналық жәрдем алуға құқы жоқ Приозерск қаласының және Приозерск қаласының тіршілік қызметін қамтамасыз ететін Тасарал, Гүлшат, Қаншеңгел, Мыңарал поселкаларының, Көктас, Сарышаған темір жол станцияларының тұрғындарына медициналық қызмет көрсетулерді осы Хаттаманың Қосымшасына сәйкес Сарышаған сынақ полигонының әскери госпиталі жүзеге асырады.

Ресей Тарабының Приозерск қаласының инфрақұрылымын ұстаудағы Шарттың 5-бабында көзделген үлесі осы Хаттаманың ережелерін жүзеге асыруға байланысты, Ресей Тарабының шығындарын қаржыландыру үшін тікелей полигон командованиясіне мақсатты түрде арналып аударылады.

3. Тараптар, тиісінше:

а) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігіне және Ресей Федерациясының Жол қатынасы министрлігіне Приозерск қаласының және Сарышаған полигонының тіршілік қызметін қамтамасыз етуге қажетті жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаудың өзара қолайлы жағдайлары туралы мәселені шешуді;

б) Тараптардың Өкілетті органдарына:

осы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі ай мерзім ішінде Приозерск қаласының жіберу режимін айқындайтын құжаттың жобасын әзірлеуді;

шарттық негізде Камбала әуежайын сауда-саттық мақсаттарда бірлесіп пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырады.

4. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар Тараптардың келіссөздері арқылы шешілуге тиіс.

5. Осы Хаттама, оның күшіне енуі үшін Тараптардың ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағандары туралы соңғы мәлімдемелердің күнінен бастап күшіне енеді және Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін күшінде болады.

Осы Хаттама қол қойылған күннен бастап уақытша толық көлемде қолданылады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 4 қазанда, екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Приозерск қаласының тіршілік
қызметін қамтамасыз ету
туралы Хаттамаға
Қосымша

**Сарышаған сынақ полигонының әскери госпиталінің күшімен
Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық қызмет
көрсетудің тәртібі**

1. Ресей Тарабы азаматтарды міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтар бойынша ақы төленетін шарттық негізде Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери емдеу мекемелерінде ақысыз медициналық жәрдем алу құқы жоқ, осы Хаттаманың 2-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының Приозерск қаласында және басқа жерлерінде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына Сарышаған сынақ полигонының әскери госпиталінде (бұдан әрі - госпиталь деп аталады) медициналық жәрдем алуға мүмкіндік береді.

2. Сарышаған сынақ полигоны бастығының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдары Қазақстан Республикасының азаматтарын госпитальге емдеуге жібереді. Қазақстан Республикасының азаматтары бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының медициналық сақтандыру полисі бойынша госпитальде тұрақты емделуге немесе амбулаториялық-емханалық қызмет көрсетуге қабылданады.

Қазақстан Республикасы азаматтарынан болатын аурулардың госпитальге жеткізілуін жергілікті Әкімшілік органдары ұйымдастырып отырады.

Госпитальде емделу және одан шығару Ресей Федерациясының әскери емдеу мекемелері үшін белгіленген ережелер бойынша рәсімделеді.

Қазақстан Республикасының азаматтарына жедел және шұғыл медициналық қызмет көрсету кезінде Қазақстан Тарабы аурулардың госпитальге түскен күнінен үш күн мерзімде емдеуіне жолдана рәсімдейді.

3. Сарышаған сынақ полигонының командованиесі кейіннен ақы төленуі үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облыстық бөлімшесіне (бұдан әрі - ММСҚ ҚОБ) көрсетілген медициналық жәрдемнің есебін жібереді, олар:

тұрақты емделгенде - ауруды шығарғаннан кейінгі бес күн мерзім;

ай сайын амбулаториялық-емханалық жәрдем берілгенде - Қазақстан Республикасының азаматтарына берілген барлық қаралудың және медициналық жәрдемнің көлемі.

Амбулаториялық емдеу кезінде Қазақстан азаматтарына госпитальдің дәріханасынан дәрі-дәрмек жіберу Ресей Федерациясында белгіленген бөлшек сауда бойынша ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4. Қазақстан азаматтарының қаржылық есебі, емделіп-қаралу сапасы, олардың күтімі және басқа мәселелер жөніндегі талап-тілектерін Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облыстық бөлімшесінің басшысы Сарышаған сынақ полигонының бастығымен бірлесіп қарап, шешеді.

5. ММСҚ ҚОБ-сі Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілген медициналық жәрдемнің есебін құжаттар тапсырылған күннен он күн мерзімде қарайды және Сарышаған сынақ полигонына ақысын төлейді.

Үш ай мерзімнен аса мерзімде есебі төленбеген жағдайда, Сарышаған сынақ полигонының (госпиталінің) командованиесі Қазақстан Тарабының Өкілетті органына және ММСҚ ҚОБ-сіне жазбаша хабар бере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық жәрдем беруді тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК